

## **ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ТҮРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ**

Сейдулла Айсұлтан Нұрсеитұлы

[ssanmi35977@gmail.com](mailto:ssanmi35977@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,  
Нұрсұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Г.Т.Сүлейменова

Қазақстан тәуелсіздікке ие болған күннен бастап балалар құқығы мәселесі алдыңғы қатарлы тақырыптардың тізімінде тұр. Қоғамымызда даулы мәселеге айналып отырған өзекті жайттардың бірі – жетімдер мәселесі. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген ата-бабамыздан қалған сөздің өзі халқымыздың жетімін жылатпағанын, жесірін қаңғыртпағанын меңзейді. Қазіргі таңда жетімдік – біздің қоғамның алдында тұрған өте өткір мәселелердің бірі.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселелерін ғылым мен іс-тәжірибенің әр түрлі салаларындағы көптеген зерттеушілердің: психологтардың, педагогтардың, философтардың, әлеуметтанушылардың назарын аударып келді және аударуда. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселелерін зерттеуді төрт топқа бөлуге болады.

Біріншіден, жеке алғандағы балалар үйінің нақты тәжірибесіне кешенді талдау жасауға арналған бірқатар жұмыстар пайда болды (Г. Ананьева, А. Андреева, Н. Анохина).

Екіншіден, балалар үйлері тәрбиеленушілерінің психологиялық бейімделу проблемалары белсенді түрде зерделенуде. А. Адлер, А. Фрейд, Й. Лангмейер, З. Матейчик, отандық ғалымдардан В.И.Слободчиков, Л.М.Щипицина, Ж.Ы.Намазбаева зерттеді.

Үшіншіден, балалар үйі тәрбиеленушілерінің депривация проблемаларына отандық зерттеушілер И.В. Ежовтың, Ю.А. Евдокимовтың, И.В.Дубровинаның, А.М. Прихожанның, Н.Н. Толстыхтың, Т. Войтенконың, Х.Т.Шерьяданова шетелдік зерттеушілер Л.Ярроу, Р.Бернс еңбектері.

Төртіншіден, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтену проблемаларын өз еңбектерінде И.С. Кон, Л.М. Шипицына зерттеді. Олар жетім баланың әсіресе, интернаттық мекемелердің көмегі арқылы өмірге бейімделетін әлеуметтік-эмоциялық саладағы дамуының өзіндік тетіктерінің қалыптасуын атап көрсетеді. Мұнымен бірге балалар үйлерінде тәрбиеленушілердің ересектік өмірге, балалар үйі қабырғаларынан тыс өмірге бейімделуіне байланысты көптеген зерттеулер жүргізілуде. Балаларды дербес өмір мен қызметке дайындаудың әлеуметтік-психологиялық қырлары И.С.Конның, А.В. Петровскийдің зерттеулерінде келтірілген.

Жетім балаларды дербес өмірге дайындаудың бұл проблемасының педагогикалық қыры П.П. Блонскийдің, А.С. Макаренконың, В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінен көрініс тапты. И.Ф. Дементьеваның, Ю.А. Евдокимовтың еңбектерінде жетімдіктің алдағы ересектік өмір үшін әлеуметтік салдарлары қарастырылады.

Қазақстанда жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси және социо-мәдени жағдайлардың пайда болуымен, әлеуметтік-психологиялық теория мен тәжірибеге деген қажеттілік жоғалған жоқ. Керісінше, күшейіп кетті. Бір жағынан қоғам мен жекелеген адамдардың өміріндегі әлеуметтік факторлардың ролі күшейсе, екінші жағынан жалпы әлеуметтік қорғауға, әсіресе әлеуметтік-психологиялық көмекке мұқтаж балалардың саны артып келеді.

Жетімдіктің барлық себептерін төмендегідей фактор бойынша бөлуге болады.

1. табиғи - географиялық, экологиялық, биогенетикалық, апаттар: жер сілкіністері, су тасқындары, дауылдар.

2. техногендік - жол апаттары, өнеркәсіп және тұрмыста жарақаттану.

3. әлеуметтік (әлеуметтік-апаттар) – әлеуметтік және халықаралық тартыстар, соғыстар

4. әлеуметтік – экономикалық - бұл «кедейшілік» факторлары: ашаршылық, қайыршылық, аурулар, тұрғын үй тапшылығы, медицина және әлеуметтік қамсыздандыру.

5. қылмыстық факторлар - қылмыскерлік, ішімдікке салыну, мас болу, нашақорлық.

6. тұлғалық факторлар – құндылық құрылымдар, айырылысу, балалардан бас тарту [1].

Қазіргі таңда республикамызда 5 млн-ға жуық 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар бар, олар еліміздің үштен бір бөлігін құрайды. Өкінішке орай, біздің еліміздегі балалардың 148 мыңнан астамы дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар. Балалардың 34 мыңнан астамы жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалғандар. Олардың 4% ғана әртүрлі тағдыр тауқыметтерімен ата-анасынан айырылғандар болса, 96% ата-анасынан тірідей айырылғандар, яғни әлеуметтік жетімдер (әке-шешелерінің ішімдікке салынуынан, өз балаларын перзентханаларға немесе өзге орындарға тастап кетулеріне байланысты сәбилер үйі мен балалар үйлеріне қабылданғандар). 8 мың жағдайы қолайсыз отбасыларында 14 мыңға жуық балалар тәрбиеленуде, әлеуметтік қорғау ұйымдарында 12 мыңнан астам ата-ана қамқорлығынан түбегейлі айрылған балалар тәрбиеленуде. Оның 3 мыңнан астамы түрлі себептермен ата-анасы бас тартқандар, 1000-ға жуығы жарық дүние есігін ашқалы тастанды атанған бейкүнәлер, 5 мыңнан астамы ата-аналық құқықтан айрылғандардың сормандай перзенттері. Жыл сайын 1 мыңға жуық баланың ата-аналары ата-аналық құқықтарынан айырылғандар [1].

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі уақытта елімізде осы санаттағы 34 мыңнан астам баланың 27 мыңнан астамы (79,6%) баспанаға мұқтаж болып отыр. Сонымен қатар соңғы жеті жылда балалар үйлерінен шыққан 14 мың бітірушінің 849-ына ғана (6%) үй берілген. Мұның негізгі себептерінің бірі - жергілікті атқарушы органдардың тиісті түрде жұмыс істемеуі және заңнамалық деңгейде жеткілікті тетіктің болмауы. Тұрғын үйге мұқтаж жетім балалардың 18 мың 410-ы ғана кезекке қойылған. Ал 9 мыңға жуығы есепке алынбаған.

Жетім балалар үйіндегі балаларды баспанамен мемлекет қамтамасыз етуі керек. Алайда, бәрі айналып келгенде қаржыға тіреледі. Елімізде соңғы кездері көкейкесті мәселеге айналған баспана мәселесін шешу дұрыс жолға қойылып келеді. Осы мақсатта «Қолжетімді баспана» секілді бағдарламалар қабылданып, елімізде тұрғызылатын тұрғын үйлердің санын арттыру шаралары жасалуда. Жетім балалар жергілікті басқару органдары тарапынан қамтылуы керек дегенімен әкімдерге қарап тұрған ештеңе жоқ. Сондықтан, бұл мемлекет араласпай шешілмейтін мәселе.

Бүгінгі күні мемлекетіміз де қарап отырған жоқ, осы мақсаттағы жұмыстарды енді енді қолға алып жатыр. Кейбір өңірлерде жатақхана типтес үйлерге балалар үйінің түлектерін орналастыру жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінгі қолданыстағы заңымыз бойынша кәмелеттік жасқа толған балалар үйінің түлектерін баспанамен қамтамасыз ете алмай отырмыз. Өйткені, баспана жалпы қоғамның бас ауруына айналып тұр. Балалар үйінің түлектерін баспанамен қамтуға байланысты мемлекет тарапынан арнайы бағдарлама бойынша жоба қарастырылып, қаржымен қамтамасыз ете алған жағдайда ғана жергілікті басқару орындарына сондай жауапкершілік жүктеуге болатындай.

2013 жылдың 20 маусымында Парламент Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы қабылданды. Аталған құжаттың мақсаты жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй мәселелерін шешу, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, сондай-ақ осы санаттағы балаларды әлеуметтік жағынан бейімдеу болып табылады.

Бұл ретте заң жобасымен Салық кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңына өзгерістер енгізу қарастырылады. Атап айтқанда, жергілікті атқарушы органдарға осы санаттағы балаларды баспанамен қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру бойынша заңнамалық деңгейдегі жауапкершілік жүктеледі. Бұдан бөлек, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың пәтер кезегіне басым құқық беру көзделеді. Олардың баспана мұқтажын шешу үшін осы санатты мемлекеттік тұрғын үйге жеке есепке алу туралы норма қамтылады.

«Білім беру ұйымдарындағы, медициналық және өзге де ұйымдардағы, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдардағы жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге меншік құқығын немесе пайдалану құқығын сақтайтын норма енгізілген. Осы санатқа жататын он төрт жасқа толмаған балалардың тұрғын үйлерін иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер жасауға немесе олардың атынан мұрагерлік құқықтан бас тартуға әкелетін мәмілелер жасауға тыйым салынады», делінген түсіндірме жазбада [2].

Халықтың әлсіз топтарын баспанамен қамту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымның №728 Қаулысымен 2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаға тұрғын үй құрылысы және халықты баспанамен қамту бойынша төрт бағыт кіреді.

- 1) «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісімен баспана (халықтың барлық топтарына және жетім балаларға арналған);
- 2) «Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ желісімен баспана;
- 3) «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісімен баспана;
- 4) Апатты жағдайдағы үйлерді бұзу бойынша пилоттық жобаның аясындағы баспана.

Бұл бағдарламалардың мақсаты халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу болып табылады [3].

Нұр-Сұлтан қаласының «Тұрғын үй қоры» КММ халықтың әлсіз топтарына және жетім балалар немесе ата-анасының қарауынсыз қалған азаматтарға арналған бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

1. «Нұрлы жер» – көппәтерлі үйлер құрылысы мен жеке тұрғын үй құрылысын дамыту аясында халықты қол жетімді баспанамен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарлама.

2. «Бақытты Отбасы» – қатысушылары тұрғын үй сатып алу үшін теңдессіз төмен мөлшерлемеден заем ала алуға арналған бағдарлама.

3. «Берекелі баспана» жекешелендіруге құқығы жоқ жалдамалы тұрғын үй бойынша қалалық бағдарлама.

4. «Еңбек» - халықты жұмыспен және тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама.

5. «Жұмысшы жастар» - жұмыс істейтін жастарға арналған жекешелендіруге құқығы жоқ жалдамалы тұрғын үй бағдарламасы.

Соңғы жылдары елімізде осы аталған бағдарламалар өз нәтижелерін көрсетуде. Мысалы,

Нұр-Сұлтан қаласы «Тұрғын үй қоры» КММ есебі бойынша 2019 жылы «Берекелі Баспана» бағдарламасы бойынша пәтерлерінің кілттерін кезекте тұрған 298 адам алған. Ал «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 3162 адам қоныс тойын тойлаған. Оның 520-сы көп балалы отбасы, 114-і балалар үйінің түлектері. Сондай-ақ, 1050 жұмыс істейтін жасқа жалдамалы пәтер кілті табысталған..

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде отбасы табысының түрлі деңгейлеріне сәйкес келетін бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеуді тапсырды. Кезекте тұрған халықтың аз қамтылған топтарына баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу қажет, ал баспана сатып алуға жағдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру керек деді.

Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға сәйкес 240 млрд теңгеден астам қаражат бөледі. Үкімет жыл соңына дейін жалдамалы пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген баспана заемін алуға кезекте тұрғандарды есепке алудың ұлттық бірыңғай жүйесін құруы керек. Тұрғын үй кезегі жыл сайын 50 мың адамға артып келеді, ал әлеуметтік тұрғын үйлер 20 мың адамға пайдалануға берілуде. Осыған байланысты, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша азаматтарды олардың мүмкіндіктері мен статустарына қарай тұрғын үймен қамтудың үдемелі жүйесін енгізу қарастырылады. Мысалы, сатып алу құқығынсыз берілетін тұрғын үй табысы жоқ немесе табысы отбасының бір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз (29,7 мың теңге) болатын тұрғын үй кезегінде тұрғандарға беріледі деді.

Сонымен қатар, 2020 жылы Парламент Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Мақсаты – жетім балалардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларға пәтер кезегінде басым құқық беру.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Рыбинский Е.М. Управление системой социальной защиты детства: социально-правовые проблемы. - М.: Академия, 2004. -20 б.
2. ([http\parent.fio.ru](http://parent.fio.ru))
3. [https://www.inform.kz/kz/zhetim-balalardyn-turgyn-uyge-kukygyyn-kamtamasyz-etetin-kr-zany-kabyldandy\\_a256788](https://www.inform.kz/kz/zhetim-balalardyn-turgyn-uyge-kukygyyn-kamtamasyz-etetin-kr-zany-kabyldandy_a256788)
4. [http://astana.gov.kz/kz/news/poleznaya\\_info\\_zem/568](http://astana.gov.kz/kz/news/poleznaya_info_zem/568)
5. Zhilfond.kz